«Павлодар облысының индустриялық – инновациялық даму басқармасы» ММ өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша қорытынды

2025 жылғы 26 желтоқсан Павлодар қ.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті *(бұдан әрі-Департамент)* Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің, «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м. а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығымен бекітілген ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге де мүмкіндігінің жоқтығы туралы монополияға қарсы органның қорытындыларын беру қағидаларын *(бұдан әрі - Қағидалар),* ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Павлодар облысы бойынша Ұлттық статистика бюросының департаменті» РММ ақпараттық порталында алынған мәліметтер https://stat.gov.kz, Мемлекеттік сатып алу веб-порталында https://goszakup.gov.kz., «Павлодар облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ (*бұдан әрі – Тапсырыс беруші)* 2025 жылғы №4-02/735 жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытынды беру туралы өтінішхаты қаралды.

Осы өтінішхатты қарау қорытындысы бойынша мыналар белгіленді:

Сатып алынатын тауардың атауы:

Арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер.

Қосымша сипаттама - арнайы экономикалық аймақты дамыту және ілгерілету жөніндегі іс-шараларды өткізу

Әлеуетті жеткізуші:

«Павлодар» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы» АҚ

Қағидаларының 10-тармағына сәйкес дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес Басқару жүзеге асырылатын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы өтініштерді қарау кезінде, Заңның 16 - бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығын белгілеу, осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын тұлғалар келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу:

Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) - қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын, нақты белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасы аумағының бөлігі.

«Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы №624 қаулысына сәйкес «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы Павлодар қаласының солтүстік өнеркәсіптік ауданының аумағында орналасқан және 1200 гектарды құрайды.

«Павлодар» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ (*бұдан әрі – Қоғам*) Тапсырыс берушінің ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады.

Павлодар облысы әкімдігінің 2011 жылғы 2 желтоқсандағы №269/9 қаулысына сәйкес жалғыз акционердің Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану жөніндегі өкілеттігі Тапсырыс берушіге берілді.

9.12.2020 жылғы №106 бұйрықпен бекітілген Жарғыға сәйкес Қоғамның негізгі мақсаты «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғам «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша кеңес беру» (ЭҚЖЖ 70221) қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- АЭА жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- АЭА-да жаңа өндірістер құру бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу;
- АЭА дамыту және ілгерілету бойынша іс-шаралар өткізу;
-бизнес-жоспарларды, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу бойынша қызметтер көрсету;
- АЭА қатысушыларының консалтингтік және маркетингтік қызметтер көрсетуі;
- АЭА әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерді, АЭА қатысушыларын ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, оның ішінде АЭА әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілердің, АЭА қатысушыларының мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру.

Осылай, Тапсырыс берушінің ведомстволық бағынысты ұйымды басқару жөніндегі өкілеттігі, сондай-ақ Қоғамның арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша мәлімделген қызметтер көрсетуге құқық қабілеттілігі расталды.

2) Нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау,

қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау:

«Арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР Заңының 1-бабының 3) тармақшасына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы-арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Заңға сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға.

Бұл ретте, жоғарыда аталған Заңның 38-бабының 1-тармағына сәйкес арнайы экономикалық аймақты құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қолданысқа енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда арнайы экономикалық аймақты басқарушы компанияны құру және (немесе) құруға қатысу туралы шешім қабылдауға тиіс акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы мемлекетке осындай басқарушы компанияның жарғылық капиталына (акцияларына) қатысу үлесінің жиырма алты пайызынан аспайтын үлесі тиесілі болуы шартымен мемлекеттік емес заңды тұлғаны, оның ішінде шетелдік заңды тұлғаны айқындауы мүмкін.

Осылай, жеке кәсіпкерлікке қызметтердің жекелеген түрлерін орындауға шектеулер белгіленеді.

3) Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау:

Тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерін анықтау үшін Департамент ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Павлодар облысы бойынша Ұлттық статистика бюросының департаменті РММ порталында ақпараттың есебін түсірді https://stat.gov.kz жоғарыда көрсетілген қызметтерді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін өтінішхатында мәлімделген ЭҚЖЖ 70221 «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша кеңес беру».

2025 жылғы 25 желтоқсандағы жағдай бойынша ЭҚЖЖ 70221 қызметі бойынша Павлодар облысының шекарасында 24 заңды тұлға және 17 жеке кәсіпкер тіркелген, бұл ретте арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті тек Қоғам ғана жүзеге асырады.

Ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы қорытындылар:

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексін, «Арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін, сондай-ақ Қағидаларының талаптарын басшылыққа ала отырып, Департамент «Павлодар» арнайы экономикалық аймағын дамыту және ілгерілету жөніндегі іс-шараларды өткізу бойынша ұқсас қызметтерді жүзеге

асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі, және тиісті көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі растайды.

Қорытындының қолданылу мерзімі: 01.01.2026 – 31.12.2026 жыл.

Басшының міндетін атқарушы **К. Утеуов**

Орынд.: А. Турсынбаева, 61-82-58